

ХАТТАМА № 1

Уақыты: “2” қыркүйек 2024 жыл

Қатысқандар: Алқа мүшелері

Күн тәртібінде:

- Құқық бұзушылықтың алдын алу және құқықтық білімді насихаттау алқа кеңесін құру туралы бұйрықпен таныстыру және кеңес құрамын бекіту;
- «Құқық бұзушылықтың алдын алу мен құқықтық білімді насихаттау алқа кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қарау және бекіту»;

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Мектеп директоры Алиева Г.С сөз сөйледі. Ол жаңа 2024-2025 оқу жылында мектеп оқушылары арасында тәртіп бұзушылықтың алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру және кәмілетке толмағандардың құқықтарын қорғау мақсатында мектеп бойынша шыққан «Құқық бұзушылықтың алдын алу алқа кеңесін құру туралы» бұйрығымен таныстырды.

Бұйрыққа сәйкес, Алқа кеңесінің жаңа құрамына мектеп директоры (төраға), тәрбие ісі жөніндегі орынбасары (төраға орынбасары), әлеуметтік педагог, мектеп психологтары, мектеп инспекторы және ата-аналар комитетінің төрағасы енгенін атап өтті. Кеңес мүшелерінің негізгі міндеттері мен жауапкершілік бағыттарын бекітіп берді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Каепов А.М сөз алып, Алқа кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған кешенді жұмыс жоспарының жобасын ортаға салды.

Жоспар шеңберінде мынадай негізгі бағыттар қамтылғанын хабарлады:

- Жалпыға міндетті құқықтық білім беру бағдарламасына сай сынып сағаттарын жүйелі өткізу;
- КТІБ есебіндегі, «тәуекел» тобындағы оқушылар мен жайсыз отбасылардың тізімдерін тоқсан сайын түзетіп, бақылау;
- Мектеп маңында құқық қорғау органдарымен бірлесіп «Мектепке жол», «Түнгі ауылдағы балалар», «Жасөспірім» акцияларын (рейдтерін) ұйымдастыру;
- Мектеп кештерінде кезекшіліктер бекіту және сабаққа үнемі кешігетін оқушылармен профилактикалық отырыстар өткізу.

Алқа кеңесінің мүшелері мен сынып жетекшілері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, оны бірауыздан мақұлдауды ұсынды.

Шешімі:

- Мектеп директорының бұйрығына сәйкес 2024-2025 оқу жылына арналған «Құқық бұзушылықтың алдын алу және құқықтық білімді насихаттау алқа кеңесінің» құрамы басшылыққа алынсын және бекітілсін;
- «Құқық бұзушылықтың алдын алу мен құқықтық білімді насихаттау алқа кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары» бірауыздан бекітілсін және ресми түрде іске асыруға жолдансын;

Хатшы  Жакыбаева Г.Н.